	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАК	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 1 беті

БЕКІТЕМІН
Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ
Басқарма төрағасы-ректордың у.м.а
Сугирбаева Г.Д.
 «02» 04 2024ж.







САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТТІҢ ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ


ЕРЕЖЕ

СМЖ ОҚПУ Е 7.25-2024

Қызметі	Қолы	Аты-жөні
Келісілген:		
Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор		Исабек Б.Қ.
Басқарма мүшесі - Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор		Керімбеков Е.Р.
Басқарма мүшесі - Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың у.м.а.		Бердалиев Д.Т.
Стратегиялық жоспарлау және менеджмент бөлімінің басшысы		Калибаева Д.Б.
Заң департаментінің директоры		Амирхан М.А.


Қызметі	Қолы	Аты-жөні
Дайындаған:		
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының директоры		Жылысбаева А.Н.

Құжаттың сақталу мерзімі: «02» 04 2024ж. бастап «03» 04 2027ж. дейін Создыру мерзімі: «__» __ 20__ ж.	Қолданысқа енгізу: №4-067 бұйрығы Енгізу мерзімі: «02» 04 2024ж.	СМЖ ОҚПУ Е 7.25-2024 Басылым 1 Тіркеу №27 Көшірмесі №__
---	---	---

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 2 беті

Мазмұны

№	Тарау атауы	Беті
1	Қолданылу саласы	3
2	Негізгі міндеттер	7
3	Диссертациялық кеңестің функциялары	7
4	Диссертацияны қорғау үшін құжаттарды дайындау рәсімі	8
5	Диссертациялық кеңестің жұмыс тәртібі	10
6	Апелляция өткізу	22
7	Қорытынды ережелер	23
8	Жауапкершілік	24
	А қосымшасы Диссертациялық кеңестің мүшелігіне үміткерлер туралы мәліметтерді толтыру үлгісі	25
	Б қосымшасы Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп үлгісі	26
	В қосымшасы Диссертациялық кеңеске диссертацияны жіберуге арналған өтінім үлгісі	27
	Г қосымшасы Этикалық комиссияның қорытындысының үлгісі	28
	Д қосымшасы Диссертациялық кеңестердің философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру (беруден бас тарту жөнінде қабылдаған шешімдері туралы тоқсандық есеп)	29
	Е қосымшасы Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама Ұлттық орталығына хат үлгісі	30
	Ж қосымшасы Ресми рецензенттің жазбаша шолу үлгісі	31
	И қосымшасы Ізденушінің аттестациялық ісіндегі құжаттардың тізімдемесінің үлгісі	35
	К қосымшасы Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағының үлгісі	37
	Л қосымшасы Докторант туралы мәліметтерді тіркеу үлгісі	38
	М қосымшасы Танысу парағы	40
	Н қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы	41

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 3 беті

1Қолданылу саласы

1.1 Осы диссертациялық Кеңес туралы Ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен бекітілген диссертациялық Кеңес туралы Үлгілік ереженің 14-тармағына сәйкес әзірленді, оған енгізілген ҚР Білім және ғылым министрінің 09.03.2021 № 98 бұйрығымен, ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 09.01.2023 № 7 бұйрығымен өзгерістерді ескере отырып жасалды.

1.2 Осы диссертациялық Кеңес туралы ереже Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің (әрі қарай - университет) диссертациялық кеңестерінің қызмет тәртібін анықтайды.

1.3 Университеттің диссертациялық кеңесі - докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды жүргізетін және уәкілетті органға - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне (бұдан әрі - Комитет) - философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы өтінішхат беретін алқалы орган.

1.4 Диссертациялық кеңестің құрылуы және құрамы

1.4.1 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында диссертациялық кеңестер күнтізбелік 3 (үш) жылға құрылады және докторантура кадрларын даярлаудың тиісті бағыттары бойынша:

1) докторантура бағдарламасы бойынша білім беру қызметін жүргізуге арналған лицензия және (немесе) лицензияға қосымша;

2) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 22-бабының 2-тармағына сәйкес Білім беру бағдарламаларының тізбесінде докторантураның білім беру бағдарламалары;

3) Заңның 5-бабының 10) тармақшасына сәйкес Аккредиттелген білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген докторантураның аккредиттелген білім беру бағдарламалары;

4) Заңның 5-бабының 2-1) тармақшасына сәйкес бөлінетін оқытудың 1, 2 және 3 жылына мемлекеттік білім беру тапсырысы болған жағдайда жұмыс істейді.

1.4.2 Диссертациялық кеңес құру үшін Комитетке келесі құжаттар жіберіледі:


1) ілеспе хат;

2) білім беру бағдарламаларының Білім беру бағдарламаларының тізбесінде болуы туралы мәлімет (әскери, әскери арнайы оқу орындарына (бұдан әрі – ӘАОО) басқа);

3) докторантураның тиісті кадрлар даярлау бағыты бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысының болуы туралы мәлімет (ӘАОО-лардан басқа);

4) осы Үлгі ережеге **А-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша диссертациялық кеңес мүшелеріне үміткерлер туралы ақпарат мәлімет;

5) қолданыс мерзімдерін көрсете отырып, мәтінді пайдалануды

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 4 беті

анықтаудың лицензиялық жүйелерінің, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша лицензиялық жүйелерінің бар болуын растайтын құжаттың көшірмесі (ӘАОО-лар үшін Плагиатқа тексеру жөнінде комиссия құру туралы мәлімет);

б) докторантураның білім беру бағдарламасының аккредиттеуден өткені туралы куәлік (ӘАОО-лардан басқа).

1.4.3 Диссертациялық кеңестің құрамына ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар кемінде 6 (алты) адам кіреді.

Диссертациялық кеңес мүшелерінің кемінде 50% (елу) басқа ЖОО-лардың, ғылыми және (немесе) басқа да ұйымдардың өкілдері болып табылады.

Диссертациялық кеңестің құрамында мүшелерінің 50% (елу), оның ішінде төраға, төраға орынбасары және ғалым хатшы тұрақты мүшелер болып табылады.

Диссертациялық кеңестің құрамында мүшелерінің 50% (елу) докторлық зерттеу тақырыбына байланысты докторанттың қорғау кезеңіне уақытша тағайындалады.

Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері ретінде докторанттың ғылыми кеңесшілері, сондай-ақ докторантпен және оның ғылыми кеңесшісімен үлестес тұлғалар:

1) жақын туыстары – ата-анасы, балалары, асырап алушылары, асырап алған балалары, аға-інісі мен әпке-сіңлісі, қарындастары, аталары, әжелері, немерелері, жұбайы немесе зайыбы, жекжаттары;

2) докторант немесе ғылыми кеңесші еңбек қатынасында немесе олардан қаржылық немесе өзге де ресурстар алуды көздейтін басқа да қатынастарда тұрған ұйымдардың қызметкерлері;

3) соңғы 3 (үш) жыл ішінде бірге жариялаған мақалалар және шолулардың тең авторлары тағайындалмайды.


1.4.4 Диссертациялық кеңестің құрамына:

1) диссертациялық кеңес құрылған Жоғары оқу орнының Басқарма төрағасы-Ректоры;

2) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қызметкерлері;

3) соңғы 5 (бес) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша ғылыми консультанттар, жетекшілер болған мамандар кірмейді.

1.4.5 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (ЖЖОКБҰ) жанындағы диссертациялық кеңестерде мүшелердің кемінде 2/3 (үштен екісінің) кемінде 3 (үш) Хирш индексі немесе халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланымдары болады:


	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 5 беті

1) 8D05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика, 8D06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, 8D07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары, 8D08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар, 8D09 Ветеринария, 8D10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина), 8D11 Қызмет көрсетулер кадрлар даярлау бағыттары бойынша Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Journal Citeishen reports) деректері бойынша алғашқы үш квартильге кіретін немесе ең болмағанда кадрларды даярлау бағыттарына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірі бойынша Scopus (Скопус) деректер базасында Citescore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда кемінде 3 (үш) жарияланым.

2) кадрлар даярлаудың басқа бағыттары бойынша соңғы 5 жылда Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index бөлімдері (Артс энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) деректер базасында индекстелетін және Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының JCR (ЖСР) деректеріне сәйкес алғашқы үш квартильге кіретін немесе ең болмағанда кадрларды даярлау бағыттарына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірі бойынша Scopus (Скопус) деректер базасында Citescore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда кемінде 2 (екі) жарияланым.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 (екі) ғылыми мақала ретінде Elsevier (Эльзевир), Brill (Брилл), CRC Press (СРС Пресс), DeGruyter (ДеГрюйтер), Edward Elgar Publishing (Эдвар Элгар Паблишинг), John Wiley & Sons (Джон Уайли және Сонс), McGraw Hill (Макроу Хилл), Palgrave Macmillan (Палгрейв Макмиллан), Peter Lang (Питер Лэнг), Prentice Hall (Прентис Холл), Routledge (Рутледж), Sage Publications (Сэйдж Публикейшен), Springer Nature (Шпрингер Нэйчар), Taylor and Francis (Тейлор және Фрэнсис), Wolters Kluwer (Вольтерс Клувер) баспаларында (бұдан әрі – сенімді баспалар) немесе US News Best Global Universities Rankings (ЮС Ньюс Бест Глобал Юниверситис Ранкинс) немесе Academic Ranking of World Universities (Академик Ранкин оф Ворлд Юниверситис) немесе Times Higher Education World University (Таймс Хайр Эдюкейшн Ворлд Юниверсити) топ-100 рейтингіндегі университет баспасында шығарылған монография ескеріледі. Жоғарыда көрсетілген монографияда тарау болған жағдайда (ізденушіге кемінде 3 баспа табағы тиесілі) ол халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 (бір) мақала ретінде есепке алынады.

ӘАОО жанындағы диссертациялық кеңестерде мүшелердің кемінде жартысының Ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын ғылыми басылымдар тізбесіне (бұдан әрі – Басылымдар тізбесі) енгізілген журналдарда кемінде 10 (он) жарияланым болады.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 6 беті

1.4.6 Тұрақты құрам және ондағы өзгерістер, сондай-ақ Кеңестің төрағасы, төрағасының орынбасары және ғылыми хатшысы ЖОО-ның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен бекітіледі.

Диссертациялық кеңестің қаладан тыс мүшелері, ғылыми кеңесшілер және ресми рецензенттер диссертациялық Кеңестің отырыстарына бейнеконференция түрінде қатысады.

1.4.7 Университет қамтамасыз етеді:

1) диссертациялық кеңестің отырыстарын және диссертацияларды ашық түрде қорғауды өткізу үшін қажетті жағдайлармен, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдалану арқылы;

2) диссертациялардың мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелерінде, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша тексерілуін қамтамасыз етеді. ЭАОО-лар Плагиатқа тексеру жөніндегі комиссияның болуын қамтамасыз етеді;

3) диссертациялық кеңестің қызметіне байланысты шығыстарды, оның ішінде диссертациялық кеңес мүшелерінің іссапар шығыстарын төлеуді қамтамасыз етеді.

1.4.7-1 Диссертациялық кеңеске байланысты шығындар университеттің даму жоспарында мәлімделген және енгізілген шығындарға сәйкес университет қаражаты есебінен өтеледі.

Диссертациялық Кеңес мүшелері мен ресми рецензенттердің жүктемесін есептеу үшін бастапқы деректер бір диссертациялық жұмысты алдын ала рецензиялауға және/немесе сараптауға, сондай-ақ оны қорғау рәсіміне қатысуға бөлінген уақыт болып табылады.


Апелляциялық комиссия мүшелерінің жүктемесін есептеу үшін бастапқы деректер ізденушінің аттестаттау ісін және диссертациялық жұмысты сараптауға бөлінген уақыт болып табылады.

Диссертациялық Кеңес мүшелері үшін жалпы жүктеме диссертацияны алдын ала рецензиялауға және/немесе сараптауға жұмсалған жұмыс уақытының ұзақтығына, сондай-ақ жалпы көлемі 1 (бір) ізденушіге 5 (бес) академиялық сағаттан аспайтын диссертацияны қорғаудың өзіне негізделі отырып белгіленеді.

Ресми рецензенттер үшін жалпы жүктеме жазбаша пікір ұсына отырып, диссертацияны рецензиялауға және/немесе сараптауға жұмсалған жұмыс уақытының ұзақтығына, сондай-ақ жалпы көлемі 1 (бір) ізденушіге 10 (он) академиялық сағаттан аспайтын диссертацияны қорғаудың өзіне қарай белгіленеді.

Ресми рецензент айына 2 (екі) жұмыстан аспайтын сараптама жүргізеді.

Апелляциялық комиссия мүшелері үшін жалпы жүктеме жазбаша кері байланыс бере отырып, аттестаттау ісін және диссертацияны сараптауға жұмсалған жұмыс уақытының ұзақтығына қарай белгіленеді, олардың жалпы

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 7 беті

көлемі 1 (бір) ізденушіге 10 (он) академиялық сағаттан аспайды.

1.4.7-2 Диссертациялық Кеңес мүшелерінің, ресми рецензенттердің, апелляциялық комиссия мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу үшін олардың сағаттық жалақыға жеке өтініші негіз болып табылады.

Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы диссертацияны қорғағаннан кейін 3- күн ішінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтына диссертацияны қорғау жөніндегі отырысқа қатысқан диссертациялық кеңестің әрбір мүшесінен және диссертацияға жазбаша пікір берген ресми рецензенттерден толтырылған өтініш нысанын ұсынады.

Диссертациялық кеңестің мүшелері, ресми рецензенттер, басқа жоғары оқу орындары мен ұйымдардың өкілдері болып табылатын апелляциялық комиссия мүшелері үшін қосымша мынадай құжаттар талап етіледі:

- Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі немесе паспорттың көшірмесі (шетел азаматтары үшін);

- ғылым кандидаты/докторы, философия докторы (PhD) дипломының көшірмесі;

- доцент (қауымдастырылған профессор)/профессор аттестатының көшірмесі (бар болса);

- IBAN-шоты көрсетілген құжаттың көшірмесі (20 таңбалы банктік шот).

Диссертациялық Кеңес мүшелерінің, ресми рецензенттердің және апелляциялық комиссия мүшелерінің өтініштері диссертациялық кеңестің төрағасымен келісіледі. Диссертацияға рецензия және/немесе сараптама жүргізуді жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының директоры растайды, Басқарма мүшесі - Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор бекітеді.

Келісілген өтініш негізінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты диссертациялық Кеңес мүшелеріне, ресми рецензенттерге, апелляциялық комиссия мүшелеріне еңбекақы төлеу туралы бұйрық дайындайды.

1.4.8 Нақты кадрлар даярлау бағыттары (мамандық) бойынша диссертациялық кеңестің жабылуына мыналар негіз болады:

- 1) Комитеттің докторантқа дәреже беруден бас тартуға немесе диссертацияны пысықтауға немесе қайта қорғауға жіберуге негіз болған осы кеңесте қорғалған диссертациялар бойынша 3 (үш) және одан да көп шешімі;


- 2) докторантураның тиісті кадрлар даярлау бағыты бойынша білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиясынан айыру;

- 3) докторантураның білім беру бағдарламасының аккредиттеу мерзімінің аяқталуы (ӘАОО-лардан басқа).

2 Негізгі міндеттер

2.1 Диссертациялық кеңестің негізгі міндеттері:

- Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ сапа саласындағы саясаты мен мақсаттарын іске асыру;

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 8 беті

- сапа саласындағы міндеттемелерді және сапа менеджменті жүйесінің талаптарын орындау;
- диссертациялық зерттеулердің қорытындыларын объективті бағалау;
- PhD докторы дәрежесін алуға ұсынылған диссертациялардың дәреже беру туралы Ережеде белгіленген өлшемдерге сәйкестігін анықтау.

3 Диссертациялық кеңестің қызметтері

3.1 Диссертациялық кеңестің негізгі міндеттері:

- диссертацияны қорғауға құжаттарды қабылдау;
- диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін, қорғау күнін және ресми рецензенттерді тағайындау;
- диссертациялық кеңес мүшелерінің құрамынан докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын (плагиат) тексеру үшін комиссия (бұдан әрі – Диссертациялық кеңестің комиссиясы) құру;

- диссертацияның ашық түрде қорғауды өткізу;
- диссертация бойынша шешім қабылдау.

3.2 Диссертациялық кеңестің мүшелері:


- объективті, толық және дәйекті мәліметтерді ұсынады;
- диссертация қорғауға қатысты деректерді жасыруға жол бермейді;
- ғылыми этиканың бұзылу фактілеріне ден қояды;
- шешім қабылдағанда қоғамдық пікірдің, тараптардың бірінің немесе үшінші тараптың әсеріне тәуелді болмайды;
- мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу бойынша шаралар қабылдайды;

- қызмет бабында кеңестің басқа мүшелерінің, докторанттардың, ғылыми кеңесшілер мен ресми рецензенттердің ары мен абыройына нұқсан келтіретін дөрекі, қорлайтын сөздерді, айыптауларды пайдаланбайды.

Осы тармақта көрсетілген талаптардың орындалмау фактілері анықталған жағдайда диссертациялық кеңестің мүшесі оның құрамынан шығарылады.

3.3. Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысының функциялары:

- 1) қорғауға қабылдау және қорғауды өткізу рәсімдерін ұйымдастыру;
- 2) диссертацияны "Антиплагиат" жүйесі бойынша тексеруге, ЖЖОКБҰ кітапханасына, Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына, ресми рецензенттерге жіберу;
- 3) диссертациялық кеңестің қызметі бойынша хат-хабарды жолдау;
- 4) диссертациялық кеңестің сайтында материалдар мен ақпаратты орналастыру;
- 5) диссертациялық кеңестің отырысын, оның ішінде бағдарламалық және техникалық құралдарды дайындау;
- 6) диссертациялық кеңестің құжаттарын ресімдеу;

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 9 беті

7) Комитетке жолдау үшін құжаттар топтамасын дайындау (ерекше мәртебесі жоқ ЖЖОКБҰ-лар үшін).

Хат-хабарлар ғалым хатшының ресми корпоративтік поштасынан жолданады. Ғалым хатшының міндеттерін басқа адамдарға, оның ішінде докторантқа жүктеуге жол берілмейді.

3.3. Күнгізбелік жыл аяқталған соң диссертациялық Кеңес **Б-қосымшаға** сәйкес Комитетке диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп береді.

Осы Ережеге Б-қосымшаға сәйкес диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп (күнгізбелік жыл аяқталғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады);

3.4 Диссертациялық Кеңес осы Ережеде белгіленген талаптарды **2 (екі)** реттен артық бұзған кезде диссертациялық Кеңестің Төрағасын, орынбасарын және ғылыми хатшысын ауыстырады.

4. Диссертацияны қорғау үшін құжаттарды дайындау рәсімі

4.1 Қорғауға құжаттарды қабылдауға дейін докторант оқыған ЖОО кафедрасының не құрылымдық бөлімшесінің ғылыми кеңесінің кеңейтілген отырысында (бұдан әрі – кеңейтілген отырыс) диссертацияны алдын ала талқылауды өткізеді. Жоғары оқу орнының докторанттың кеңейтілген отырыс өткізілгеннен кейін диссертацияны талқылаудың басқа нысандарынан міндетті түрде өтуін талап етуіне жол берілмейді.


Кеңейтілген отырыс өткізуден 1 (бір) ай бұрын диссертация докторанттың ғылыми зерттеу саласы бойынша ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) маманға рецензияға жолданады.

Кеңейтілген отырысқа кафедра мүшелерінің кемінде 2/3-сі (үштен екісі), рецензенттер, құрылымдық бөлімнің ғылыми немесе Академиялық кеңесінің мүшелері, ғылыми консультанттар, сондай-ақ ЖОО-ның аралас (мәндес) кафедраларының және (немесе) құрылымдық бөлімшелерінің, ғылыми және басқа да ұйымдардың өкілдері, практик мамандар (қолданбалы сипаттағы диссертациялар үшін) қатысады.

Отырыста консультанттар болмаған жағдайда, олардың докторанттың диссертациясы бойынша пікірін ЖОО кафедрасының немесе құрылымдық бөлімінің басшысы не оның орынбасары оқиды.

4.2 Басқа жоғары оқу орындарында құрылған диссертациялық кеңестерде қорғалатын университет докторанттары кафедраның оң қорытындысын алғаннан кейін университеттің Ғылыми кітапханасына диссертацияның соңғы нұсқасын қатты және электронды түрде береді. Анықтама жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтына ұсынылады.

4.3 Диссертациялық кеңеске диссертацияны қорғау үшін құжаттарды тапсырғанға дейін докторант жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 10 беті

институтына 5.5-тармақта көрсетілген құжаттардан басқа мынадай құжаттарды ұсынады:

- осы Ереженің 5.3-тармағына сәйкес электронды және баспа түрінде жарияланған ғылыми еңбектердің тізімі, Ғылыми еңбектердің көшірмелері;
- мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйесінде тексеру туралы анықтама;
- докторант оқыған ЖОО-ның диссертация және ғылыми консультанттар тақырыбын бекіту туралы, диссертацияны қорғауға жіберу туралы бұйрықтарынан үзінді көшірмелер;
- оқу орны бойынша куәландырылған докторантураның кәсіптік оқу бағдарламасын игеру туралы транскриптінің көшірмесі;
- қосымшалары бар жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы дипломдардың нотариалды куәландырылған көшірмелері.

4.4 құжаттарды осы тармақтың талаптарына сәйкестігін тексергеннен кейін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты ілеспе хатты /өтінішті (**В қосымшасы**) тіркейді, Басқарма – төрағасы ректорға ұсынады, Басқарма – төрағасы ректордың визасымен диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысына береді.

5 Диссертациялық кеңестің жұмыс тәртібі

5.1 Диссертациялық жұмысты қорғауға докторантураның білім беру бағдарламаларын толық меңгерген және ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген "Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы" 5-7 пункт талаптарына сәйкес орындалатын диссертациялық жұмыстарды ұсынатын докторанттар жіберіледі. Енгізілген өзгерістерді ескере отырып - ҚР БҒМ 2016.07.25 № 468, 2017.12.04 № 606 және 2018.09.28 № 170 2020.04.30 № 98 бұйрықтарымен 09.03.2021 ж. өзгеріс енгізілген.

5.2 Диссертация нысандардың бірінде ұсынылады

5.2.1 Диссертациялық жұмыс


5.2.2 диссертация мазмұнына сәйкес келетін ғылыми салалардың **бірінен** Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректеріне сәйкес импакт-фактор бойынша бірінші және/немесе екінші квартильге кіретін басылымдарда жарияланған кемінде екі мақала және бір шолу немесе үш мақала сериясы. Мақаланың біреуінде докторант хат-хабарлардың бірінші авторы немесе авторы болады.

Осы тармақтың талаптарын орындау кезінде 5.3-тармақтың талаптары докторантқа қолданылмайды.

Диссертация мынадай нысандардың бірінде ұсынылады:

1 Диссертациялық жұмыс;

2 диссертация мазмұнына сәйкес келетін ғылыми салалардың **бірінен** Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 11 беті

Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректеріне сәйкес импакт-фактор бойынша бірінші және/немесе екінші квартильге кіретін басылымдарда жарияланған кемінде екі мақала және бір шолу немесе үш мақала сериясы. Мақаланың біреуінде докторант хат-хабарлардың бірінші авторы немесе авторы болады.

5.3 Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға ұсынылған диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері диссертация қорғалғанға дейін Ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын ғылыми басылымдар тізбесіне (бұдан әрі – Басылымдар тізбесі) енгізілген ғылыми басылымдарда және (немесе) халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда жарияланады.


Халықаралық рецензияланатын ғылыми журнал Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) (бұдан әрі – JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторға ие **және/немесе** Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Web of Science Core Collection (Веб оф Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index (Арт энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс бөлімдері), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн индекс) деректер базасында индекстеледі немесе **диссертацияның мазмұнына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірі бойынша** Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша белгілі бір процентильге ие.

Қорғауға жіберу үшін жарияланымдар бойынша талаптар:

1) JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар **және/немесе** Web of Science Core Collection (Веб оф Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index (Арт энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс бөлімдері), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн индекс) деректер базасында индекстелетін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 (жиырма бес) болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 1 (бір) мақала (article) немесе шолу (review) және Басылымдар тізбесіндегі журналдарда 3 (үш) мақала;

2) не Web of Science Core Collection (Веб оф Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index (Арт энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс бөлімдері) деректер базасында индекстелетін **және/немесе** JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар алғашқы үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында Citescore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда кемінде 2 (екі) мақала (article) немесе 1 (бір) мақала (article) және 1 (бір) шолу (review);

3) не Elsevier (Эльзевир), Brill (Брилл), CRC Press (СРС Пресс), DeGruyter (ДеГрюйтер), Edward Elgar Publishing (Эдвар Элгар Паблишинг), John Wiley &

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 12 беті

Sons (Джон Уайли және Сонс), McGraw Hill (Макроу Хилл), Palgrave Macmillan (Палгрейв Макмиллан), Peter Lang (Питер Лэнг), Prentice Hall (Прентис Холл), Routledge (Рутледж), Sage Publications (Сэйдж Публикейшен), Springer Nature (Шпрингер Нэйчар), Taylor and Francis (Тейлор және Фрэнсис), Wolters Kluwer (Вольтерс Клувер) баспаларында (бұдан әрі – сенімді баспалар) немесе US News Best Global Universities Rankings (ЮС Ньюс Бест Глобал Юниверситис Ранкинс) немесе Academic Ranking of World Universities (Академик Ранкин оф Ворлд Юниверситис) немесе Times Higher Education World University (Таймс Хайр Эдюкейшн Ворлд Юниверсити) топ-100 рейтингіндегі университет баспасында шығарылған монографияда тараудың болуы (докторантқа кемінде 1 баспа табақ тиесілі);


4) не JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар алғашқы екі квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында Citescore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 1 (бір) мақала (article) және Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) (бұдан әрі – JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторға ие және Web of Science Core Collection (Веб оф Сайнс Кор Коллекшн) деректер базасында индекстелетін халықаралық ғылыми конференция материалдарында 1 (бір) мақала (Conference paper);

Бұл ретте, 8D01 Педагогикалық ғылымдар және 8D02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар дайындық салаларының «8D017 – Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау», «D016 – Тарих педагогтерін даярлау» және «8D060 – Филология», «D050 – Философия және этика» және «D053 – Тарих» білім беру бағдарламалары топтарының (бұдан әрі – ББТ) білім беру бағдарламалары (мамандықтары) бойынша білім алған және қазақ тілі мен әдебиеті, қазақ филологиясы, Қазақстан тарихы, қазақ философиясы бойынша диссертация дайындаған докторанттарда мыналардың болуы талап етіледі:

1) Arts and Humanities Citation Index (Арт энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс) бөлімі бойынша Web of Science Core Collection (Веб оф Сайнс Кор Коллекшн) деректер базасында индекстелетін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 (жиырма бес) болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу және Басылымдар тізбесіндегі журналдарда 3 (үш) мақала;

2) не Басылымдар тізбесіндегі журналдарда кемінде 5 (бес) мақала, олардың бірі ағылшын тілінде және халықаралық ғылыми конференцияларда ауызша баяндамамен 2 (екі) сөз сөйлеу.

JCR (ЖСР) деректеріне сәйкес импакт-фактор бойынша бірінші квартильге кіретін журналда бір ғылыми мақала болған жағдайда басқа жарияланымдар талап етілмейді.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 13 беті

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы, конференция жинақтарындағы жарияланымдар диссертацияның мазмұнына және аталған базаларда мәлімделген журнал мен конференцияның тақырыптық бағытына сәйкес келеді, журналдың ресми сайтында жарияланады және Article (мақала), Review (шолу) немесе Article in Press (басылымдағы мақала), Conference Paper, Proceedings типіне ие. Пәнаралық бағыты бар халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жариялауға рұқсат етіледі (Multidisciplinary, Interdisciplinary, General, Miscellaneous).

Web of Science базасындағы журналдың квартилі және (немесе) Scopus базасындағы CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль жарияланған жыл не жарияланған жылдың алдындағы жыл үшін **не диссертацияны қорғау сәтінде** ескеріледі.

5.4 Мемлекеттік құпияларды немесе қызметтік пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын диссертацияларды қорғау кезінде диссертацияның негізгі нәтижелері диссертация тақырыбы бойынша кемінде 7 (жеті) жарияланымда, оның ішінде кемінде 4 (төрт) мақала Басылымдар тізбесіне енгізілген ғылыми басылымдарда жарияланады.

Диссертациялық Кеңес осы Ереженің 5.2-тармағының талаптарына сәйкес докторант диссертациялық жұмыс немесе докторант жариялаған мақалалар сериясы нысанында докторант ұсынған диссертацияны қорғауды жүргізеді.

5.4.1 **Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ)** диссертациялық жұмыстарды ресімдеуге қойылатын талаптарды, оның ішінде диссертациялық жұмыстарда пайдаланылатын халықаралық дәйексөз алу стильдерін (Harvard style (Гарвард стилі), APA (American Psychological Association) Style (APA стилі), MLA (Modern Language Association) Style (MLA стилі), Chicago Style (Chicago стилі), ACS (American Chemical Society) Style (ACS стилі) немесе дайындық бағытына байланысты басқа да стильдерді) дербес белгілейді.


5.4.2 Диссертацияда:

- бастапқы толық деректерді көрсете отырып, цитата алынған материалдардың немесе жекелеген нәтижелердің көздеріне;
- докторанттың дербес немесе өзге авторлармен бірлесіп алынған әзірлемелерге арналған қорғау құжаттарына;
- дербес немесе өзге авторлармен бірлесіп орындалған диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жұмыстарға сілтеме жасалады.

Диссертацияда плагиат анықталған жағдайда, диссертациялық кеңес немесе Комитет қайта қорғау құқығынсыз теріс шешім қабылдайды.

5.5 Диссертациялық кеңесте алдын ала қарау және одан әрі қорғау үшін докторант оқудан өткен ЖОО бланкісіндегі ілеспе хат және келесі құжаттар топтамасы негіз болып табылады

1) диссертациялық Кеңес төрағасының атына қорғауға қабылдау туралы өтініш

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 14 беті

2) отандық және шетелдік ғылыми консультанттардың пікірлері (ӘАОО-лар үшін отандық консультанттардың пікірлері);

3) кеңейтілген отырыстың оң қорытындысы;

4) берік түптелген және электронды тасымалдағыштағы диссертациялық жұмыс (егер диссертация диссертациялық жұмыс түрінде қорғалатын болса);

5) ғылыми еңбектердің тізімі және олардың көшірмелері;

6) докторант оқыған ЖОО-ның Этикалық комиссиясының зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми-зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысы (**Г қосымшасы**).

7) Қорғауға шығатын докторанттың Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index (Артс энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс бөлімдері), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) деректер базасында бірлесіп жарияланған мақаладағы авторларынан жарияланымдағы үлесінің келісімін әкелу.

8) диссертацияның қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотациясы (көлемі 15 беттен аспайтын) – қазақ, орыс, ағылшын, электронды және баспа түрінде.

5.6 Диссертациялық жұмыс қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілдерінде ұсынылады.

5.7 Осы тармақта көрсетілген құжаттарды тіркеуді диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы жүзеге асырады және оларды 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде диссертациялық кеңеске ұсынады. Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ докторанттары диссертациялық кеңеске ілеспе хат ұсынбайды.


5.8 Құжаттар қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей диссертациялық кеңес диссертацияны қорғау күнін белгілейді және ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар және докторанттың зерттеу саласы бойынша кемінде 5 (бес) ғылыми мақаласы бар екі ресми рецензентті тағайындайды.

5.9 Диссертацияны қорғау күні диссертацияның қорғау күнін белгілеу күнінен 3 (үш) айдан аспауға тиіс. Қорғау күнін белгілеу кезінде докторанттар құжаттарының түсу кезегі сақталады.

5.10 Диссертациялық кеңес ресми рецензенттерді тағайындау кезінде ресми рецензенттердің, ғылыми консультанттардың бір-біріне тәуелді болмау принципін басшылыққа алады.

Мыналар ресми рецензент бола алмайды:

1) Комитет қызметкерлері;

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 15 беті

2) докторанттың диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстарының тең авторлары;

3) диссертация орындалған және (немесе) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (тең орындаушы) болып табылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілген ЖОО-ның құрылымдық бөлімшелерінің және (немесе) ғылыми ұйымдардың басшылары және қызметкерлері;

4) соңғы 3 (үш) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң қорытынды берген ғылыми консультанттар немесе ресми рецензенттер болған мамандар.

5.11 Диссертациялық кеңес ЖЖОКБҰ интернет-ресурсында докторанттардың қорғауы және кеңес қызметі туралы мынадай материалдарды (мемлекеттік құпияларды немесе қызметтік пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын материалдар мен диссертациялардан басқа) орналастырады:

1) докторант, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері және ресми рецензенттер туралы ақпаратты, диссертацияны ұсыну нысанын, мекенжайын, күні мен уақытын (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай бұрын, тұрақты негізде қолжетімді болады) көрсете отырып, алдағы қорғау туралы хабарлама;

2) диссертация (қорғаудың белгіленген күніне дейін 1 (бір) ай бұрын), сондай-ақ оның диссертациялық кеңестің ескертулері бойынша титул парағында тиісті белгілері бар пысықталған барлық нұсқалары (тұрақты негізде қолжетімді);

3) жалпы көлемі 15 беттен аспайтын қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотация (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай бұрын). Аннотацияда қорғауға шығарылатын диссертациялық зерттеудің тақырыбы, мақсаты, зерттеу міндеттері, зерттеу әдістері, негізгі ережелері (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар), зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы, алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі, ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы жазылады;


4) докторант жарияланымдарының тізімі (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);

5) ғылыми консультанттардың қорғаудан кейін 5 (бес) ай ішінде қолжетімді болатын пікірлері (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);

6) ресми рецензенттердің пікірлері (белгіленген қорғау күнінен 5 (бес) жұмыс күні бұрын);

7) қорғаудың толық көлемдегі бейнежазбасы, монтажға жол берілмейді (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін 5 (бес) ай бойы қолжетімді);

8) диссертациялық кеңестің диссертациялық жұмысты пысықтауға, қайта қорғауға жіберу туралы немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы қорытындысы (қорғаудан кейін 5

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 16 беті

(бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін кемінде 5 (ай) ішінде қолжетімді);

9) апелляциялық комиссияның шешімі (болған жағдайда, шешім қабылдағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және шешім қабылдағаннан кейін кемінде 5 (ай) ішінде қолжетімді);

10) осы Үлгі ережеге Б-қосымшаға сәйкес диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп (күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады);

11) осы Үлгі ережеге Д-қосымшаға сәйкес диссертациялық кеңестердің философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру (беруден бас тарту) жөніндегі шешімдері туралы тоқсандық есеп (ерекше мәртебесі бар ЖОО-лар жанындағы диссертациялық кеңестер үшін). Тоқсандық есеп тоқсан аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және диссертациялық кеңестің қызметі мерзімінде қолжетімді;

12) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы дипломды беруді ұйымдастыру жөніндегі мәліметтер (ерекше мәртебесі бар ЖОО-лар жанындағы диссертациялық кеңестер үшін);

13) қорғаулар өткізу күнінің, уақытының, орнының өзгеруі және ресми рецензенттердің ауысуы туралы хабарландыру (болған жағдайда);

14) диссертациялық кеңестің құрамы туралы ақпарат және диссертациялық кеңес қызметінің тәртібі;


15) қолданыс мерзімдерін көрсете отырып, мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелерінің, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша лицензиялық жүйелерінің бар болуы туралы ақпарат;

16) докторант оқыған ЖОО-ның Этикалық комиссиясының зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми-зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысы (осы Үлгі ережеге Г қосымшаға сәйкес);

17) диссертациялық кеңестің бейнеконференция нысанындағы online (онлайн) отырысын өткізуді ұйымдастыру жөніндегі ақпарат.

5.12 Диссертациялық жұмыс ЖОО-ның интернет-ресурсында орналастырылғаннан және (немесе) диссертация қабылдағаннан кейін (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын материалдары бар диссертациялар қорғалған жағдайда) оған өзгерістер енгізуге жол берілмейді. Диссертациялық жұмыс пысықталған жағдайда оның соңғы нұсқасы философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешім қабылданғаннан кейін ЖОО-ның интернет-ресурсында "Диссертациялық жұмыстың соңғы нұсқасы" деген белгімен орналастырылады.

ЖОО-ның интернет-ресурсында диссертация мазмұны бойынша

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 17 беті

бейресми пікірлерді орналастыру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі, кейін олар қорғауда ұсынылады. Авторын белгілеу мүмкін емес және автордың электрондық поштасы көрсетілмеген бейресми пікірлер қорғауда ұсынылмайды.

5.13 Алдағы қорғау туралы хабарламаны диссертациялық кеңес қорғауға қабылдау күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комитетке жолдайды.

Ерекше мәртебесі жоқ ЖОО-лар жанындағы диссертациялық кеңестердегі қорғаулар бойынша хабарламалар Комитеттің интернет-ресурсында түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын материалдар мен диссертациялардан басқа).

5.14 Қорғауға қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңес докторанттың отандық және халықаралық деректер базалары бойынша плагиатты пайдалануын тексеру үшін диссертацияны "Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы" акционерлік қоғамына (бұдан әрі – ҰМҒТСО) жібереді (Е-қосымша). Титул беті және пайдаланылған әдебиеттер тізімі плагиатқа тексерілмейді.

5.15 Диссертацияның қағаз және (немесе) электронды тасымалдағыштағы данасы ЖОО-ның кітапханасына беріледі. Қорғағаннан кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы диссертацияның электронды тасымалдағыштағы даналарын Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына береді (мемлекеттік құпияларды және қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертациялардан басқа).

5.16 Ресми рецензенттер диссертация мен жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде диссертациялық кеңеске осы Үлгі ережеге **Ж-қосымшаға** сәйкес нысанда жазбаша пікірлерін ұсынады.


Егер диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалатын болса, ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша мақалаларының ғылыми деңгейін зерделейді. Егер мақаланың 2/3 және одан көп бөлігі докторанттың зерттеу тақырыбымен байланысы болмаса, оны ресми рецензент ескермейді.

Ресми рецензенттер пікірлерінде мына шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру (ерекше мәртебесі бар ЖОО жанындағы диссертациялық кеңесте қорғалған жағдайда) немесе Комитет алдында философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау (ерекше мәртебесі жоқ ЖОО жанындағы диссертациялық кеңесте қорғалған жағдайда);

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 18 беті

дәрежесін беруден бас тарту.

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензенттер жазбаша түрде бас тартқан немесе рецензиялауға мүмкіндік болмаған жағдайда ауыстырылады. Егер ресми рецензентті ауыстыру туралы шешім 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктіріліп қабылданса, қорғау күні ауыстырылады.

5.17 ҰМҒТСО анықтамасында, ресми рецензенттердің пікірлерінде және ЖОО-ның интернет-ресурсындағы бейресми пікірлерде көрсетілген плагиат фактілері болған жағдайда Диссертациялық кеңестің комиссиясы диссертацияны плагиатқа тексереді. Тексеру нәтижелері туралы қорытынды диссертациялық кеңеске диссертация қорғауға дейін 8 (сегіз) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

5.18 Диссертациялық кеңес Диссертациялық кеңес комиссиясының қорытындысы негізінде (қорғауға дейін кемінде 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмей) докторантты қорғауға жіберу туралы шешім қабылдайды немесе диссертацияны қорғаудан алып тастайды. Диссертациялық кеңес қабылданған шешім туралы докторантқа 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлайды, сондай-ақ тиісті ақпарат ЖОО-ның интернет-ресурсында орналастырылады (мемлекеттік құпиялары бар және қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертацияларды қорғау жағдайынан басқа).

Докторанттың диссертациясын қорғауға дейін 7 (жеті) күннен кешіктірмей қорғаудан алып тастауға мүмкіндігі бар.

5.19 Диссертациялық кеңестің төрағасы, төраға орынбасары және ғалым хатшысы докторанттың ғылыми кеңесшілері болып табылған жағдайда, диссертацияны қарау кезінде диссертациялық кеңестің отырысында өз міндеттерін орындай алмайды. Диссертациялық кеңес төрағасының міндеттерін орындау диссертациялық кеңестің шешімімен төраға орынбасарына, төраға орынбасары мен ғалым хатшының міндеттерін орындау диссертациялық кеңестің шешімімен оның мүшелеріне жүктеледі.


5.19.1 Төраға, төраға орынбасары мен ғалым хатшы бір мезгілде болмаған жағдайда диссертациялық кеңестің отырысы өткізілмейді.

5.19.2 Диссертациялық кеңес диссертация қорғалуының толық көлемде бейнежазбаға түсірілуін қамтамасыз етеді, монтажға жол берілмейді.

5.20 Диссертациялық кеңестің отырысы егер оның жұмысына мүшелерінің кемінде 2/3-і (үштен екісі) қатысқанда заңды болып саналады. Ресми рецензенттердің және диссертациялық кеңестің уақытша тағайындалған мүшелерінің отырысқа қатысуы міндетті болып табылады.

Диссертациялық кеңес мүшелері және ресми рецензенттер қорғауға бейнеконференция нысанында қатыса алады.

Диссертацияны ашық қорғау интернет желісінде тікелей онлайн трансляция режимінде өтеді. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 19 беті

пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертациялар қорғалатын жағдайда диссертациялық кеңес мүшелері мен ресми рецензенттердің бейнеконференция нысанында қатысуына, сондай-ақ интернетте трансляциялауға жол берілмейді.

Отырысқа практикалық саланың шақырылған мамандарының қатысуына жол беріледі (диссертация қолданбалы сипатта болса).

Диссертациялық кеңес докторантқа, диссертациялық кеңес мүшелеріне, ресми рецензенттерге диссертациялық кеңес отырысын бейнеконференция нысанында өткізетіні туралы электрондық пошта және кеңестің сайтында хабарлама беру арқылы диссертация қорғауға кем дегенде 5 (бес) жұмыс күні қалғанда хабарлайды.

5.20.1 Диссертациялық кеңес отырысты бейнеконференция нысанында өткізгенде:

- отырысқа қатысатындардың визуалды идентификациясы;
- интернет желісінде отырысқа қатысушылар сөздерінің үздіксіз бейне-және аудио трансляциясы;
- отырыстың бейне- және аудиожазбасы;
- диссертациялық кеңес мүшелерінің жасырын дауыс беруі қамтамасыз етіледі.


5.21 Диссертациялық Кеңестің бір отырысында 1 (бір) диссертация қорғалады, 1 (бір) күн ішінде 3 (үш) отырыстан аспайды.

5.22 Диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық Кеңес отырысының рәсімі мыналарды қамтиды:

- Төраға кворумде туралы Кіріспе сөзі, отырысты өткізу құқығы, докторанттың ұсынысы, диссертация тақырыбы қорғалатын мамандық бойынша;
- ғылыми жарияланымдардың толықтығы мен сәйкестігін көрсете отырып, докторант құжаттарының нормативтік талаптарға сәйкестігін жариялау үшін ғылыми хатшының сөз сөйлеуі;
- докторанттың баяндамасы (20 минутқа дейін баяндама);
- докторантқа сұрақтар, докторанттың жауаптары;
- ғылыми кеңесшілердің сөз сөйлеуі;
- рецензенттердің сөз сөйлеуі;
- докторанттың рецензенттердің ескертулеріне жауаптары және олардың ұсыныстары бойынша қорытындылары;
- диссертациялық Кеңес мүшелерінің талқылауы;
- докторанттың қорытынды сөзі;
- төрағаны қоспағанда, диссертациялық Кеңестің құрамынан 3 адамнан тұратын Санақ комиссиясын сайлау;

Диссертациялық кеңес келесі шешімдердің біреуін қабылдау үшін жасырын дауыс беруді жүргізеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру (ерекше мәртебесі бар ЖОО жанындағы диссертациялық кеңесте

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 20 беті

қорғалған жағдайда) немесе Комитет алдында философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау (ерекше мәртебесі жоқ ЖОО жанындағы диссертациялық кеңесте қорғалған жағдайда);

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация диссертациялық жұмыс нысанында қорғалған жағдайда ғана);

3) диссертацияны қайта қорғауға жіберу;

4) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден не Комитет алдында философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасаудан бас тарту (ерекше мәртебесі жоқ ЖОО жанындағы диссертациялық кеңесте қорғалған жағдайда).

5.23 Диссертациялық жұмыс егер оны түзету жұмыстың мәнін өзгертпей, мәтін бойынша елеусіз ескертулер болған жағдайда пысықтауға ұсынылады.

Егер диссертация Қағидалардың 4 және (немесе) 6-тармағына сәйкес келмесе және (немесе) Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) ішінара сәйкес келсе, онда ол қайта қорғауға жіберіледі.

Академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңалық, ішкі бірлік, дәйектілік қағидаттарына сәйкес келмеген жағдайда диссертация философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.


5.24 Докторанттың ғылым консультанты, тікелей басшысы немесе жақын туысы болып есептелетін диссертациялық кеңестің мүшелері, сондай-ақ шақырылған мамандар дауыс беруге қатыспайды.

Жасырын дауыс беруде ресми рецензенттер қатысады, олардың дауыстары диссертациялық кеңес мүшелерінің дауыстарына тең.

Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешімі, егер оған дауыс беруге қатысқандардың 3/4 (төрттен үші) және одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп саналады.

Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту, диссертацияны пысықтауға не қайта қорғауға жолдау туралы шешімі, егер дауыс беруге қатысқандардың 2/3 (үштен екісі) және одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп саналады. Егер дауыстар көрсетілген санға жетпесе, қайта дауыс беру өткізіледі, онда диссертацияны пысықтауға не, егер оған отырысқа қатысып отырған кеңес мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

5.25 Қайта қорғауға жіберу немесе философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданғанда диссертациялық кеңес диссертацияның осы Үлгі ереженің, Қағидаларының қандай талаптарына сәйкес келмейтіндігі көрсетілген қорытынды жасайды.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 21 беті

Диссертациялық жұмысты қайта қорғау алдындағы қорғаудан 6 айдан кем емес уақыт өткенде осы Үлгі ережеде белгіленген тәртіппен өткізіледі. Диссертациялық кеңестің уақытша құрамы және ресми рецензенттер сақталады. Диссертация қайта қорғауға 2 (екі) реттен артық жіберілмейді.

5.26 Диссертацияны пысықтауға жіберу туралы шешім қабылданғанда диссертациялық кеңес диссертациялық жұмыс бойынша нақты ескертулер қамтылған қорытынды шығарады.

Пысықталған диссертациялық жұмыс диссертациялық кеңеске үш айлық мерзімде ұсынылады, оны 3 (үш) айдан артық мерзімге ұзартуға болмайды. Пысықтау мерзімін ұзарту туралы шешімді диссертациялық кеңес докторанттың өтініші негізінде қабылдайды. Егер пысықталған диссертациялық жұмыс белгіленген уақытта ұсынылмаса, докторант қайта қорғаудан өтеді.

Докторант диссертациялық кеңестің ескертулерімен толық не жартылай келіспейтін жағдайда ол берілген ескертулерге дәйектелген жауаптарын ұсынады.

Пысықталған диссертация ҰМҒТСО-ға плагиатқа тексеруге жіберіледі. ҰМҒТСО анықтамасын алғаннан кейін диссертациялық кеңес ресми рецензенттермен бірге пысықталған диссертациялық жұмысты және диссертациялық кеңестің ескертулерін жою мәніне ескертулерге жауаптарды (болған жағдайда) талқылау жөнінде отырыс өткізеді. Отырыс осы Үлгі ереженің 5.20 тармағында белгіленген тәртіппен өткізіледі. Бұл ретте интернетте онлайн трансляциясыз отырыстың бейнежазбасы жүргізіледі.

Талқылаудан кейін жай көпшілік дауыспен жасырын дауыс беру арқылы дәреже беру немесе қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

5.27 Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы (ерекше мәртебесі жоқ ЖОО жанындағы) диссертациялық кеңесте докторлық диссертация қорғалғаннан кейін докторанттың аттестациялық ісін жинақтайды, ол Комитетке күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жіберіледі. Докторанттың аттестаттау ісінде мынадай құжаттар қоса беріледі (И-қосымша):


1) диссертацияның ҰМҒТСО-ға жіберілген күні көрсетіліп, диссертациялық кеңес төрағасы қол қойған диссертациялық кеңес құрылған ЖОО бланкісінде ілеспе қолдаухаты (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертациялардан басқа) - "PDF"файл нұсқасында сканерленген;

2) электронды тасымалдағыштағы диссертация. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын диссертация да қағаз тасымалдағышта беріледі;

3) диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдар тізімі мен көшірмелері-"PDF"файл нұсқасында сканерленген;

4) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі-"PDF"файл нұсқасында сканерленген;

5) ҰМҒТСО-ның диссертацияның плагиатқа тексерілгені туралы

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 22 беті

анықтамасы. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертация бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери, арнайы оқу орындарындағы және (немесе) ғылыми ұйымдардағы комиссияның диссертацияның плагиатқа тексерілгені туралы анықтамасы ұсынылады-"PDF"файл нұсқасында сканерленген;

6) осы Үлгі ережеге **К-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы-"PDF"файл нұсқасында сканерленген;

7) диссертацияны қорғау жөніндегі және пысықталған диссертациялық жұмысты талқылау бойынша (қажет болғанда) диссертациялық кеңес отырысының толық көлемдегі бейнежазбасы және төраға мен ғалым хатшы қол қойған хаттамасы;

8) докторантураның кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгергені туралы транскриптің көшірмесі бағдарламаларын меңгергені туралы транскриптің көшірмесі-"PDF"файл нұсқасында сканерленген;

9) осы Үлгі ережеге **Л-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша докторант туралы мәлімет-"PDF"файл нұсқасында сканерленген.

10) істе бар құжаттардың тізімдемесі.

5.28 1), 3), 4), 5), 6), 8) және 9) тармақшаларда көрсетілген құжаттар Комитетке "пдф (pdf)" файлы форматында сканерленген түрде ұсынылады (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын аттестациялық істерден басқа).


5.29 Комитеттің немесе диссертациялық кеңестің теріс шешімі қабылданған диссертация қайта қорғауға осы Үлгі ереженің 3-тарауында белгіленген тәртіппен ұсынылады.

5.30 Диссертация қайта қорғауға ұсынылған жағдайда диссертациялық кеңес диссертацияда бұдан бұрын орын алған бұзушылықтардың жойылуы туралы қорытынды жасау үшін диссертациялық кеңес мүшелерінен 3 (үш) адамды тағайындайды. Қорытынды ЖОО-ның интернет-ресурсында диссертацияны қорғауға дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын орналастырылады және қорғауда оқылады.

6 Апелляция өткізу

6.1 Диссертациялық кеңестің теріс шешіміне апелляцияны докторант диссертация қорғалған ЖОО шешім шығарған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде ерікті нысанда береді.

6.2 Апелляция берілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде университет Басқарма төрағасы - ректорының бұйрығымен апелляциялық комиссия (бұдан әрі - комиссия) құрылады. Комиссия құрамына тиісті мамандық бойынша ғылыми дәрежесі бар 3 (үш) маман енгізіледі. Дәреже беру

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 23 беті

қағидаларының 12-16-тармақтарына сәйкес жұмыс істейтін ғылыми консультанттар, рецензенттер, диссертациялық кеңестің немесе Комитеттің сараптамалық кеңесінің мүшелері комиссия мүшелері бола алмайды.

6.3 Комиссия өз қызметінде диссертациялық Кеңес туралы үлгі ережені және дәрежелерді беру Ережелерін басшылыққа алады.

Комиссия апелляциялық өтінішті, диссертацияны, диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің материалдарын қарайды және апелляция құрылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде оның нәтижелері бойынша қорытынды дайындайды.

6.4 Апелляция ерекше мәртебесі жоқ ЖОО жанындағы диссертациялық кеңестің шешіміне берілген жағдайда, апелляциялық комиссияның оң қорытындысы және диссертация соңғы шешім қабылдау үшін күнтізбелік 15 (он бес) күннің ішінде Комитетке жіберіледі.

6.5 Апелляциялық комиссияның шешімі оны қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде докторантқа хабарланады және ЖОО-ның интернет-ресурсына орналастырылады.

7 Қорытынды ережелер

7.1 Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқытудың толық курсы менгерген, бірақ ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) орындамаған докторантқа ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) академиялық кредиттерін қайта игеруге және диссертацияны кейінгі жылдары ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.


7.2 Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқытудың толық курсы менгерген, ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) орындаған, бірақ докторлық диссертацияны қорғамаған докторантқа оқу нәтижелері мен академиялық кредиттер беріледі және диссертацияны бітіргеннен кейін бір жыл ішінде тегін негізде, ал кейінгі жылдары ақылы негізде кемінде 4 академиялық кредит көлемінде қорғауға мүмкіндік беріледі.

Бұл ретте бітіргеннен кейін 3 жыл өткен соң докторант ақылы негізде диссертациялық зерттеудің (research proposal) ғылыми негіздемесі қайта бекітілгеннен кейін ғана қорғауға жіберіледі.

7.3 Докторантураның білім беру бағдарламасын менгерген және докторлық диссертация қорғаған адамдарға жүргізілген сараптама нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің оң шешімі болған кезде философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі беріледі және қосымшасы бар мемлекеттік үлгідегі диплом (транскрипт) беріледі.

7.4 Осы Ережемен реттелмеген, оның ішінде философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту, апелляция беру мерзімін қалпына келтіру мәселелері бойынша даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сот тәртібімен шешіледі.

7.5 Осы Ереже университет Басқарма төрағасы - ректорының бұйрығымен

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 24 беті

бекітілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

8 Жауапкершілік

8.1 Диссертацияны өзгертуге жіберу туралы диссертациялық кеңестің шешімі кезінде, докторантқа философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитет алдында қайта қорғау немесе өтініш беруден бас тарту немесе бейіні бойынша докторлар ғылыми кеңесші және (немесе) кафедра меңгерушісі тәртіптік жазаға тартылады.


8.2 Комитет шешімі диссертацияны өзгертуге, қайта қорғауға жіберу немесе философия докторы дәрежесін беруден бас тарту болған жағдайда ғылыми кеңесшіге және диссертациялық Кеңестің Төрағасына өзінің қызметтік міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік шаралар қабылданады.

8.3 Университеттің диссертациялық Кеңесіне жүктелген міндеттер мен функциялардың сапасы мен уақтылы орындалуына, сондай-ақ тиімді жұмыс істеу үшін жағдай жасауға университеттің диссертациялық кеңесінің төрағасы жауапты болады.

8.4 Университеттің диссертациялық Кеңесі туралы ережені әзірлеуге, оның мазмұны мен құрылымын ресімделуі бойынша СМЖ ОҚПУ ПР 4.01-2023 процедураның талаптарына сәйкестігін басқару ЖООКББИ директоры жауапты болады.

8.5 Бекітілген диссертациялық Кеңес мүшелерінің назарына ақпаратты жеткізу үшін Диссертациялық Кеңес хатшысы жауапты болады. Танысу туралы жазба "танысу парағында" ресімделуі тиіс (**М қосымшасы**).

8.6 Ережеде өзгертулерді «Өзгертулерді тіркеу парағында» міндетті түрде белгілеу арқылы ЖООКББИ директоры енгізеді (**Н қосымшасы**).


	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 25 беті

**А қосымшасы
(міндетті)**

Диссертациялық кеңестің мүшелігіне үміткерлер туралы мәліметтерді толтыру үлгісі

Диссертациялық кеңес мүшелеріне үміткерлер туралы ақпарат

№	Т.А.Ә. (болған жағдайда) (мемлекеттік немесе орыс және ағылшын тілдерінде)	Дәрежесі, ғылыми атағы	Негізгі жұмыс орны	Азаматтығы	Халықаралық ақпараттық Web of science (Вэб оф Сайнс) және Scopus (Скопус) базаларының деректері бойынша Хирш индексі	Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша бірінші үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда жарияланымдар	Басылымдар тізбесіндегі журналдардағы жарияланымдар

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 26 беті

Б қосымшасы

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп үлгісі

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

_____ жанындағы


(ЖОО атауы)

_____ кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациялық кеңес

Есеп мынадай мәліметтерді қамтиды:

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер.
 2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).
 3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.
 4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:
 - 1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;
 - 2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;
 - 3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.
 5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).
 6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.
 7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:
 - 1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының).
- Диссертациялық кеңестің төрағасы _____
(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)
- Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____
(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Мөр Мерзімі 20__ жылғы " __ " _____

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 27 беті

В қосымшасы


Диссертациялық кеңеске диссертацияны жіберуге арналған өтінім үлгісі

Ө.Жәнібеков
атындағы ОҚПУ Ғылыми
жұмыстар және
инновациялар жөніндегі
проректор докторанттың
аты-жөні, білім беру
бағдарламасы коды,
шыққан жылы

Өтініш

Сізден, Ғылым докторы ғылыми дәрежесін қорғауға арналған «Диссертация тақырыбы» ғылыми кеңесші, ғылыми дәрежесі, атағы, ғылыми консультанттардың тегі –аты- жөні, диссертациялық кеңеске ұсынуға рұқсат сұраймын.

Қолы, күні

	«Өзбекәлі Жәнібекөв атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 28 беті

Г қосымшасы Этикалық комиссияның қорытындысының үлгісі

Этикалық комиссияның қорытындысы

ЖОО атауы _____

1.	Докторанттың ТАӘ	
2.	Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы)	
3.	Докторантурада оқу кезеңі	
4.	Диссертация тақырыбы, бекіту мерзімі	
5.	Ғылыми кеңесшілер туралы деректер – Т.А.Ә. (болған жағдайда), жұмыс орны және лауазымы, ғылыми дәрежелері, азаматтығы	
6.	Зерттеу объектілері	
7.	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет
8.	Ғылыми зерттеу нәтижелеріне тарату процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет
9.	Зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері болғанда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғау қалай жүргізілді?	

Этикалық комиссияның
төрағасы _____

(қолы)


(тегі, аты-жөні)

Этикалық комиссияның
хатшысы _____

(қолы)

(тегі, аты-жөні)

Ф.7.25-04


	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 29 беті

Д қосымшасы

Диссертациялық кеңестердің философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру (беруден бас тарту жөнінде қабылдаған шешімдері туралы тоқсандық есеп)

№	Докторанттың Т.А.Ә.	Туған жылы	Докторантурада оқыған кезеңі	Докторант оқыған ЖОО	Диссертация тақырыбы	Ғылыми кеңесшілері Т.А.Ә.	Ресми рецензенттер Т.А.Ә. дәрежесі, жұмыс орны	Қорғау күні	Диссертациялық кеңес және апелляциялық комиссия (болған жағдайда) қабылдаған шешім	Диплом №

Ф.7.25-05

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 30 беті


Е қосымшасы

Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама Ұлттық орталығына хат үлгісі

Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама Ұлттық орталығына «Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» Ке АҚ жанындағы 8D015 – Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша педагогтарды даярлау (6D01503 – Информатика педагогін даярлау) мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңесі 6D01503 – Информатика педагогін даярлау мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ____ сәуір 2024 ж. қорғалған _____ диссертациясын авторға және алынған материал көзіне сілтеме жасамай алынған материалды пайдалануды тексеру үшін жібереді. Қорғау күні ____ сәуір 2024 жыл.

Диссертациялық кеңес төрағасы _____

Ф.7.25-06

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 31 беті


Ж қосымшасы

Ресми рецензенттің жазбаша шолу үлгісі


Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған</p>	
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) негізделген;</p> <p>2) жартылай негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>	
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) айқындайды;</p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды</p>	
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p>	

		1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма?	


	«Өзбекәлі Жәнібекөв атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 33 беті

		1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа	

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 34 беті

		болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	

Ф.7.25-07


	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 35 беті

И қосымшасы

Ізденушінің аттестациялық ісіндегі құжаттардың тізімдемесінің үлгісі

Ізденушінің аты-жөні аттестациялық ісіндегі құжаттардың тізімдемесі


№	Құжаттардың атауы	Беттер саны	__беттен__ дейін
1.	Аттестаттау ісінде бар құжаттардың тізімдемесі		
2.	Ізденушінің университет Басқарма төрағасы - ректорының қорғауға қабылдау туралы өтініші (түпнұсқада)		
3.	Қатты мұқабадағы Диссертация		
4.	Электрондық тасымалдағышта (CD-дискіде) 3 тілде аннотациясы бар Диссертация, басып шығарылған түрде 3 тілде аннотация		
5.	Диссертация тақырыбы бойынша жарияланымдар тізімі және олардың көшірмелері		
6.	Қазақ және орыс тілдеріндегі тіркеу - есепке алу карточкасы		
7.	Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама Ұлттық орталығының докторанттың авторға және алынған материал көзіне сілтеме жасамай алынған материалды пайдалануына диссертацияны тексеру туралы анықтамасы (түпнұсқада)		
8.	Отандық ғылыми кеңесшінің пікірі (түпнұсқада)		
9.	Шетелдік ғылыми консультанттың кеңесшінің (түпнұсқада, нотариалды куәландырылған аудармамен)		
10.	1-ресми рецензенттің жұмыс орны бойынша расталған пікірі (түпнұсқада)		
11.	2-ресми рецензенттің жұмыс орны бойынша расталған пікірі (түпнұсқада)		
12.	Диссертациялық Кеңес мүшелерінің қатысу парағы (түпнұсқада)		
13.	Диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық Кеңес отырысының бейнежазбасы (DVD-дискіде)		
14.	Төраға мен ғылыми хатшы қол қойған диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық Кеңес отырысының стенограммасы		
15.	Жоғары (бакалавриат) және жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура) туралы дипломдардың және оларға қосымшалардың көшірмелері		
16.	Ілеспе хат – Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті жанындағы диссертациялық кеңесте диссертация қорғауға жолдама (басқа ЖОО ізденушілері үшін, түпнұсқада)		
17.	Этикалық комиссия қорытындысы		

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 36 беті

18.	Докторантураның кәсіптік оқу бағдарламасын игеру туралы Транскрипт		
19.	Докторант туралы мәліметтер		
20.	Оқу орны растаған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы		
21.	Кафедраның оң қорытындысы (кеңейтілген отырыс хаттамасы) (түпнұсқада)		
22.	Кітапханадан анықтама (3 дана)		
23.	Диссертациялық жұмыс тақырыбын бекіту/қайта бекіту/түзету, ғылыми консультанттар, қорғауға жіберу/докторантураға қайта қабылдау туралы бұйрықтардан көшірмелер (түпнұсқада)		

Диссертациялық кеңес төрағасы _____

Ф.7.25-08

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 37 беті

К қосымшасы

Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағының үлгісі

Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы

20__ жылғы «__» _____ диссертациялық кеңестің отырысы, хаттама № __

Докторант _____
(тегі, аты, әкесінің аты(болған жағдайда))

_____ кадрларды даярлау бағыты бойынша
диссертациясын қорғауы

Диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Дәрежесі	Отырысқа қатысуы (қолы)
1	2	3


Диссертациялық кеңестің

ғалым хатшысы _____

(қолы)

(тегі, аты-жөні)

Ф.7.25-09

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 38 беті

Л қосымшасы
(міндетті)
Докторант туралы мәліметтерді тіркеу үлгісі


Докторант туралы мәлімет _____
(Тегі, аты, әкесінің аты болған жағдайда)



Диссертациялық	кеңестің	ғалым	хатшысы

(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)			
Мөр, мерзімі 20__ жылғы " __ " _____			

1	Туған күні және жері, азаматтығы, ұлты		
2	Докторантурада оқығаны туралы мәлімет (ЖОО және оқу мерзімі)		
3	Докторантура мамандығы		
4	Диссертацияның қорғалған орны және күні		
5	Диссертацияның тақырыбы және жазылған тілі		
6	Ғылыми консультанттар (Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)		
7	Ресми рецензенттер (Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)		
8	Жарияланымдар саны, барлығы, оның ішінде:		
	Басылымдар тізбесіндегі басылымдарда		
	Web of science (Вэб оф Сайнс) және Scopus (Скопус) базасындағы шетелдік басылымда		
	халықаралық конференция материалдарында, оның ішінде:		
	шетелдік конференция материалдарында		
9	Еңбек жолы		
Қабылдау	Босату мерзімі	Жұмыс орны,	Мекеменің мекен-

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Университеттің диссертациялық кеңесі туралы ереже	41 беттің 39 беті

мерзімі		лауазымы	жайы
10	Мекен-жайы, байланыс деректері		

Диссертациялық кеңестің
Ғалым хатшысы _____
(қолы) (тегі, аты-жөні)

Мөр, мерзімі, 20__ ЖЫЛҒЫ «__» _____

Ф.7.25-10

